

Проблемалық оқыту технологиясы

Орындаған: Мұсабек А.К.
Қабылдаған: Синбаева Г.К.
Тобы: ҚТӘ-14

Петропавл 2016 жыл

A stylized, low-poly silhouette of a mountain range in shades of brown and tan, positioned at the bottom of the slide against a blue gradient background.

Проблемалық оқыту - оқытудың әдіс - тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

Проблемалық оқытудың ерекшелігі- мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

- оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту.
- оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады.
- түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру
- кез-келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту.


Проблемалық оқыту технологиясының мақсаттары:

1. Оқу материалдарында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу.
2. Білімге қасиеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгеру.
3. Оқудың бала өміріндегі еңбегімен байланыстылығы.
4. Оқушылардың белсенділігін арттыру.
5. Оқушының өз бетімен ізденуге үйрету олардың танымдық және шығармашылық икемдіктерін дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының мақсаттары:

1. Оқу материалдарында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу.
2. Білімге қасиеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгеру.
3. Оқудың бала өміріндегі еңбегімен байланыстылығы.
4. Оқушылардың белсенділігін арттыру.
5. Оқушының өз бетімен ізденуге үйрету олардың танымдық және шығармашылық икемдіктерін дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының негізін салушылар мен зерттеушілер:



Махмутов Мирза Исмаилович



С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин, Л.С.Выготскийлердің еңбектеріне сүйене отырып, орыс ғалымдары И. Я. Лернер , М. И. Махмутов, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкиндер өткен ғасырдың 60-70-жылдарында проблемалық оқыту тұжырымдамасын жасады. М.И. Махмутов проблемалық оқытуды ғылыми дайын тұжырымдарды меңгеру барысында, өз бетінше жүйелі іздену әрекетімен байланыста болатын, дамыта оқытудың ерекше түрі деп есептейді. Мұндай жағдайда проблемалық оқыту дамытушылық, тәртіптілік, ізденушілік сияқты оқу процесі қызметтерінің негізі бөлшегі болады.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М.Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі оның жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігіне. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық

құралы»



М.И.Махмутов : «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» - деп көрсетеді. Мұндай жағдайдан шығу білімді мегерудің жолын қарастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады. Демек, проблемалық оқыту ғана білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады деген сөз.

Жоғарғы білім беретін мектептің міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз.

Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:

- студенттердің білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық ----- қызмет тәсілдерін меңгеруі;
- танымдық дербестігі мен творчестволық қабілеттерін дамыту;
- студенттердің өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.



Джон Дьюи

Американың ірі ғалымы Джон Дьюи (1859-1952) оқушылардың практикалық іс-әрекеті кезіндегі интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту идеясын алдыға тартты. Өз зерттеулерінде оқушылардың белсенділігі дамуына басты назар аударды

Лернер Исаак Яковлевич



Педагог, Педагогика ғылымының докторы, Профессор.


Проблемалық оқытудың 4 түрін көрсеткен:

- баяндама
- эвристикалық(пікір алысу)
- жеке ізденіс
- зерттеу әдістері(жартылай)

Проблемалық жағдаят- субъектінің белсенділігіне негіз болып, ынталандыратын сыртқы жағдайлар жүйесі.

Проблемалық жағдаяттарды құрастыру әдістері:

- өмірлік жағдайларды пайдалану
- құбылыстарды түсіндіру
- пәнаралық байланыстарды түсіндіру
- міндеттерді (тапсырмаларды) ауыстырып отыру, сұрақтарды өзгертіп отыру
- фактілерді, әрекеттерді салыстыру және қарсы қойып салыстыру арқылы оқушыларды талпындыру, осының нәтижесінде проблемалық жағдаятты туғызу.



Проблемалық жағдаяттарды
құрастыру әдістері:

- өмірлік жағдайларды пайдалану
- құбылыстарды түсіндіру
- пәнаралық байланыстарды түсіндіру
- міндеттерді (тапсырмаларды) ауыстырып отыру, сұрақтарды өзгертіп отыру
- фактілерді, әрекеттерді салыстыру және қарсы қойып салыстыру арқылы оқушыларды талпындыру, осының нәтижесінде проблемалық жағдаятты туғызу.

Проблемалық жағдайларға қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

Оқу ақпаратының сәйкестілігі

Проблеманың күрделі болуы

Оқушылардың танымдық әрекетімен дербестікті дамытуға бағытталуы

Жаңа жағдайда талдауда қайшылықтардың кездесуі

Бұған қоса проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді:

білімді творчестволық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе творчестволық қызметтің өызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);
алған білімді творчестволықпен қолдану дағдыларына (жана ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;
творчестволық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу методтарына ие болу);



Проблемалық оқытудың барлық міндеттерінің ішіне аса маңызды екі міндетті бөлу қажет. Біріншісі - оқытудың ғылыми дәрежесін артыру; екіншісі - ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру.

Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру программаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен ғана, ғылым негізері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған методтарын оқып-үйренумен де қамтамасыз етіледі. Жаңа құбылыстың мазмұны мен мәні, оның элементтерінің өзара байланысы ғылымда зертеу процесінің бірізді кезеңдерін: бақылау, сипаттау, түсіндіру, болжау – жүзеге асыру барысында ашылады.



Қолданылған әдебиет:

Ф.Б.Бөрібекова,Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар»174-бет

«Педагогика» /074 Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы ,профессор Е.Арын – Павлодар : «ЭКО» ҒӨЖ.2006.-482 – бет.

Назарларыңызға Рахмет!!!

